

Есіл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 ақпандағы № 14/4 "Есіл ауданы аумағындағы тіркелген жиынтық салықтың базалық ставкаларының мөлшерлерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 8 қарашадағы № 44/6 шешімі. Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 12 желтоқсанда 1-11-143 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 тамыздағы № 17/4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 29.08.2017 № 17/4 (ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексі) 422 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданы аумағындағы тіркелген жиынтық салықтың базалық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" 2009 жылғы 27 ақпандадағы № 14/4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-11-101 тіркелген, 2009 жылғы 10 сәуірде аудандық "Жаңа Есіл" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Қызметін Есіл ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы";

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Қызметін Есіл ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін, айна салық салу объектісінің бірлігіне бірыңғай тіркелген салық ставкалары белгіленсін:

1) ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер – 1 айлық есептік көрсеткіш;

2) бильярд үстелі – 3 айлық есептік көрсеткіш;

3) бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы – 3 айлық есептік көрсеткіш;

- 4)біреуден артық ойыншылардың қатысусымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы – 4 айлық есептік көрсеткіш;
- 5)ойын жолы – 5 айлық есептік көрсеткіш;
- 6) карт – 4 айлық есептік көрсеткіш.".

2.Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы*

*A.Жаңабергенов*

*C.Кұдабаев*

## КЕЛІСІЛДІ

*Есіл ауданының әкімі  
"Есіл ауданы бойынша салық  
басқармасы" мемлекеттік  
mekемесі бастығының  
міндетін атқарушы*

*K.Рахметов*

*A.Есжанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК